

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 105 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 26 желтоқсанда № 37684 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2026 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармағының жиырма жетінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, сексен бесінші, бір жүз екінші, бір жүз үшінші, бір жүз төртінші, бір жүз бесінші, бір жүз алтыншы абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы № 134 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5089 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін."

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуі жөніндегі нұсқаулық осы бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесіне қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5348 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) " Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (ипотекалық ұйымдарды және бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғаларды қоспағанда), Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қаржылық есептілік элементтерін топтастыру және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық мәнде ағымдағы көрсетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – ұйымдар) бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік элементтерін топтастыру және бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық мәнде ағымдағы көрсетуге арналған.";

2-тарауда:

1-параграфта:

1030-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1040-шотпен толықтырылсын:

"1040

Корреспонденттік шоттардағы ақшалай қаражат";

3-параграфта:

3050 06-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3050 07-шотпен толықтырылсын:

"3050 07	"Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме";
----------	---

3380 02-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3380 03-шотпен толықтырылсын:

"3380 03	"Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме";
----------	--

3-тарауда:

1-параграфта:

1030-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1040-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1040 "Корреспонденттік шоттардағы ақшалай қаражат" (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, корреспондент-банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған корреспонденттік шоттардағы ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, корреспондент-банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған корреспонденттік шотқа түскен ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, корреспондент-банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған корреспонденттік шоттан ақша сомасын есептен шығару жазылады.";

1060 01-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1060 01 "Басқа да ақшалай қаражат" (актив).

Мақсаты: №№ 1010, 1020, 1030, 1040 және 1050 баланстық шоттарында есепке алынбаған ұлттық және шетел валюталарындағы басқа да ақшалай қаражат сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша уақытша және кездейсоқ сипаты бар, туындаған сәтте басқа баланстық шоттар бойынша жүргізілмейтін ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есептен шығару кезіндегі ақша сомасы жазылады.";

3050 06-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3050 07-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3050 07 "Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме.

Мақсаты: "Кері РЕПО" операциясы бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған, сатылған бағалы қағаздарды қайтару бойынша әділ құны бойынша бағаланатын міндеттеме сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған, сатылған бағалы қағаздарды қайтару бойынша әділ құны

бойынша бағаланатын міндеттеме сомасы, міндеттеменің әділ құнын теріс қайта бағалау жазылады.

Шоттың дебеті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған, сатылған бағалы қағаздарды қайтару бойынша әділ құны бойынша бағаланатын міндеттемені есептен шығару, міндеттеменің әділ құнын оң қайта бағалау жазылады.";

3380 02-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3380 03-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3380 03 "Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме.

Мақсаты: Ұйымның "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған, бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған, бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған, бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме сомасын есептен шығару жазылады."

3. "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тарауда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент

- банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шот жоспары) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, ипотекалық ұйымдардың, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, бұдан бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғалардың қаржылық есептілік элементтерін топтастыруы және құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуі және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктері филиалдарының бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік элементтерін ағымдағы көрсетуі үшін арналған.";

8-тармақта:

2790-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2790	Берешек пен кірісті алдын ала төлеу";
-------	---------------------------------------

9-тармақта:

3000-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3000	Жарғылық капитал және сатып алынған акциялар";
-------	--

2-тарауда:

1-параграфта:

1267-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

1861-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1862-шотпен толықтырылсын:

"1862	Кепілдік жарналары, қамтамасыз ету төлемдері";
-------	--

2-параграфта:

2052-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2053-шотпен толықтырылсын:

"2053	Басқа банктерден бір айға дейінгі мерзімге алынған қарыздар";
-------	---

2054-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2054	Басқа банктерден бір жылға дейінгі мерзімге алынған қарыздар";
-------	--

2131-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

2202-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2202	Кастодиандық шарттардың талаптарына сәйкес клиенттердің ақшасын есепке алуға арналған ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдық";
-------	---

2240-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

2242-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

	Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде " Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі
--	---

"2242	комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдық";
-------	--

2306-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2306	Сатып алынған бағалы қағаздар";
-------	---------------------------------

2707-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

2790 және 2792-шоттарының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2790	Берешек пен кірісті алдын ала төлеу
2792	Берілген қарыздар бойынша алдын ала төлем";

2865-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2866-шотпен толықтырылсын:

"2866	Клиенттің мәмілелері бойынша міндеттемелер";
-------	--

3-параграфта 3000-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3000	Жарғылық капитал және сатып алынған акциялар";
-------	--

4-параграфта:

4267-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

4456-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4458-шотпен толықтырылсын:

"4458	Шығарылған бағалы қағаздар бойынша баланстық құнды түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген бағалы қағаздардың құнын түзету түріндегі кіріс";
-------	--

5-параграфта:

5229-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

5309-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5311-шотпен толықтырылсын:

"5311	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша баланстық құнды түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген бағалы қағаздар құнын түзету түріндегі шығыс";
-------	---

5754-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5754	Арнайы қорларға, оның ішінде "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының кепілдік қорына төлемдер, алымдар, жарналар түріндегі шығыс";
-------	---

7-параграфта:

7250-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7260-шотпен толықтырылсын:

"7260	ХҚЕС тану өлшемшарттарына сәйкес келмейтін клиенттердің басқа да активтері";
-------	--

7500, 7535, 7536, 7542, 7543 және 7544-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"7500	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар

7535	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар
7536	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған мерзімі өткен қарыздар
7542	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша есептелген сыйақы
7543	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)
7544	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша мерзімі өткен сыйақы";

3-тарауда:

1-параграфта:

1267-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

1861-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1862-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1862. Кепілдік жарналары, қамтамасыз ету төлемдері (актив).

Шоттың мақсаты: Қатысу, мүшелік, есеп айырысуды қамтамасыз ету және міндеттемелерге кепілдік беру мақсатында халықаралық төлем жүйелеріне, биржаларға, клирингтік алаңдарға және өзге де ұйымдарға аударылатын жарналар, төлемдер түріндегі банктің ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша кепілдік жарналары мен қамтамасыз ету төлемдері ретінде берілген банктің және ипотекалық ұйымның ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша кепілдік жарналары, қамтамасыз ету төлемдері ретінде берілген банктің және ипотекалық ұйымның ақша сомасын есептен шығару жазылады."

;

2052-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2053-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2053. Басқа банктерден бір айға дейінгі мерзімге алынған қарыздар (пассив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерден қоса алғанда бір айға дейінгі мерзімге алынған қарыздар сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктен жылдың бір айына дейінгі мерзімге алынған қарыздар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бір айға дейінгі мерзімге алынған қарыздар сомасы оларды өтеу кезінде есептен шығарылады.";

2054-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2054. Басқа банктерден бір жылға дейінгі мерзімге алынған қарыздар (пассив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерден бір айдан бастап қоса алғанда бір жылға дейінгі мерзімге алынған қарыздар сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктен бір айдан бастап бір жылға дейінгі мерзімге алынған қарыздар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бір айдан бастап бір жылға дейінгі мерзімге алынған қарыздар сомасын оларды өтеу кезінде есептен шығару жазылады.";

2131-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

2202-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2202. Кастодиандық шарттардың талаптарында клиенттердің ақшасын есепке алуға арналған ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдық (пассив).

Шоттың мақсаты: Банктер кастодиандық шарттардың талаптарында қабылдаған клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ақшасын есепке алуға арналған ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған ақша қалдығын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кастодиан-банктер ашқан клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ақшасын есепке алуға арналған ағымдағы шоттарға келіп түскен, банктер кастодиандық шарт талаптарында қабылдаған ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ақшасын есепке алуға арналған ағымдағы шоттардан келіп түскен ақша сомасын кастодиандық шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мақсаты бойынша есептен шығару жазылады.";

2240-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

2242-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2242. Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдық (пассив).

Шоттың мақсаты: Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер банктік қызмет көрсету және (немесе) номиналды ұстау шарттарының және (немесе) кастодиандық шарттардың талаптарында ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған ақша қалдығын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан ағымдағы шоттарға түскен ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан ағымдағы шоттардан түскен ақша сомасы шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мақсаты бойынша есептен шығарылады.";

2306-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2306. Сатып алынған бағалы қағаздар (контрпассив).

Шоттың мақсаты: Ұстаушылардан сатып алынған бағалы қағаздардың номиналды құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұстаушылардан сатып алынған бағалы қағаздардың номиналды құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздарды басқа ұстаушыларға сатқан не оларды жойған кезде олардың номиналды құнын есептен шығару жазылады."

2707-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

2792-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2792. Берілген қарыздар бойынша алдын ала төлем.

Шоттың мақсаты: Болашақ кезеңге жататын берілген қарыздар бойынша алдын ала төленген сыйақы мен негізгі борыш сомасын және банктік қарыз шартында айқындалған өзге де соманы есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша болашақ кезеңге жататын берілген қарыздар бойынша алдын ала төленген сыйақы мен негізгі борыш сомасы және банктік қарыз шартында айқындалған өзге де сома жазылады.

Шоттың дебеті бойынша болашақ кезеңге жататын берілген қарыздар бойынша алдын ала төленген сыйақы мен негізгі борыш сомасы және банктік қарыз шартында айқындалған өзге де сома есептен шығарылады.";

2865-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2866-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2866. Клиенттің мәмілелері бойынша міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мәмілелері бойынша және (немесе) мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жатпайтын, бірақ клиенттің мәміле жасау сәті мен мәмілені немесе мәміле нысанасын мемлекеттік немесе өзге тіркеу сәті арасындағы кезеңге кейіннен мәміле нысанасын тіркеу көзделетін мәмілелері бойынша банктің клиенттер алдындағы міндеттемелер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттердің мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мәмілелері бойынша және (немесе) мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жатпайтын, бірақ клиенттің мәміле жасау сәті мен мәмілені немесе мәміле нысанасын мемлекеттік

немесе өзге тіркеу сәті арасындағы кезеңге кейіннен мәміле нысанасын тіркеу көзделетін мәмілелері бойынша банктің клиенттер алдындағы міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттердің мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мәмілелері бойынша және (немесе) мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жатпайтын, бірақ клиенттің мәміле жасау сәті мен мәмілені немесе мәміле нысанасын мемлекеттік немесе өзге тіркеу сәті арасындағы кезеңге кейіннен мәміле нысанасын тіркеу көзделетін мәмілелері бойынша банктің клиенттер алдындағы міндеттемелер сомасын есептен шығару жазылады.";

4267-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

4456-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4458-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4458. Шығарылған бағалы қағаздар бойынша баланстық құнды түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген бағалы қағаздар құнын түзету түріндегі кіріс.

Шоттың мақсаты: Қаржылық міндеттемені бастапқы тану сәтінде пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша шығарылған бағалы қағаздарды түзету түріндегі соманы есепке алуға арналған кіріс сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық міндеттемені бастапқы тану сәтінде пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша шығарылған бағалы қағаздарды түзету түріндегі соманы есепке алуға арналған кіріс сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5229-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

5309-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5311-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5311. Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар бойынша баланстық құнды түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген бағалы қағаздар құнын түзету түріндегі шығыс.

Шоттың мақсаты: амортизацияланған құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар бойынша баланстық құнды түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген бағалы қағаздар құнын түзету түріндегі шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар бойынша баланстық құнды түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген бағалы қағаздар құнын түзету түріндегі шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жұмсалған шығыс сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5754-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5754. Арнайы қорларға, оның ішінде "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының кепілдік қорына төлемдер, алымдар, жарналар түріндегі шығыс.

Шоттың мақсаты: Арнайы қорларға төлемдерді, алымдарды, жарналарды, оның ішінде "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының кепілдік қорына жарналарды жүзеге асыру бойынша шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебегі бойынша арнайы қорларға төлемдерді, алымдарды, жарналарды, оның ішінде "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының кепілдік қорына жарналарды жүзеге асыру бойынша шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жұмсалған шығыс сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7250-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7250. Клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік.

Шоттың мақсаты: Болашақта түсетін мүлікті қоса алғанда, клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің (ақшаны қоспағанда) құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша кепіл туралы шарт жасау кезінде болған және (немесе) банктің ішкі құжаттарында белгіленген кезеңділікпен, болашақта түсетін мүлікті қоса алғанда, клиенттің міндеттемесін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің (ақшаны қоспағанда) құны жазылады, шоттың кірісі бойынша қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің құнын оң қайта бағалау жүргізіледі.

Шоттың шығысы бойынша ішкі құжаттарда белгіленген кезеңділікпен болашақта түсетін мүлікті қоса алғанда, қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің құнын теріс қайта бағалау немесе қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлікті есептен шығару, сондай-ақ клиент міндеттемелерді орындамаған жағдайда, оларды клиентке қайтару немесе кепілге салынған мүлікті сату кезінде жүргізіледі.";

7250-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7260-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7260. Клиенттердің ХҚЕС тану өлшемшарттарына сәйкес келмейтін басқа да активтері.

Шоттың мақсаты: Клиенттердің ХҚЕС тану өлшемшарттарына сәйкес келмейтін басқа да активтерінің сомасын есепке алу.

Шоттың дебегі бойынша Клиенттердің ХҚЕС тану өлшемшарттарына сәйкес келмейтін басқа да активтерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Клиенттердің ХҚЕС тану өлшемшарттарына сәйкес келмейтін басқа да активтерінің сомасы оларды есептен шығару кезінде есептен шығарылады.";

7535, 7536, 7542, 7543 және 7544-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7535. Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар (актив).

Шоттың мақсаты: Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар сомасын оларды өтеу немесе кері сатып алу жағдайлары туындаған кезде есептен шығару жазылады.

7536. Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған, мерзімі өткен қарыздар (актив).

Шоттың мақсаты: Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған, мерзімі өткен қарыздар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған, мерзімі өткен қарыздар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған, мерзімі өткен қарыз сомасын оларды өтеу немесе кері сатып алу жағдайлары туындаған кезде есептен шығару жазылады.

7542. Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша есептелген сыйақы (актив).

Шоттың мақсаты: Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша сыйақы сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қарыздарды өтеу немесе кері сатып алу жағдайлары туындаған кезде қарыздар бойынша сыйақыны есептен шығару жазылады.

7543. Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (актив).

Шоттың мақсаты: Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша төленген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша төленген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасы жазылады

Шоттың кредиті бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша төленген айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын есептен шығару жазылады.

7544. Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша мерзімі өткен сыйақы (актив).

Шоттың мақсаты: Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған қарыздар бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қарыздар бойынша мерзімі өткен сыйақыны оларды өтеу немесе кері сатып алу жағдайлары туындаған кезде есептен шығару жазылады."

4. "Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7121 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына, сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздарды орналастырған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар;

2) сыйлықақы сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
Кт	4030 09	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы;

3) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	4030 08	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт
Кт	4030 09	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар."

5. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7118 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына, "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік

стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8765 болып тіркелген) бекітілген "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – Стандарт), халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және онда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі – Қор) жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу нақтыланады.";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Инвестициялық кірісті қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) бар кіріс сомасына:

Дт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кіріс
	6110 04	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 05	Орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кіріс
	6110 29	Талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 30	Мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 31	Шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 34	Сыйақы алуға байланысты басқа да кіріс
	6110 35	Жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	6110 63	Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу
	6110 64	Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кіріс
	6150 01	Өзгерістері пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен кіріс
		Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген

	6240 02	түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кіріс
	6240 62	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) кіріс
	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс
	6280 01	Аффинирленген бағалы металдарды сатудан кіріс
	6280 05	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан кіріс
	6280 07	Басқа да кіріс
	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кіріс
	6290 09	Фьючерс мәмілелері бойынша кіріс
	6290 10	Форвард мәмілелері бойынша кіріс
	6290 11	Опцион мәмілелері бойынша кіріс
	6290 13	Своп мәмілелері бойынша кіріс
Кт	5610	Есепті жылғы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян);

2) бар шығыс сомасына:

Дт	5610	Есепті жылғы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)
Кт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша шығыс
	7310 04	Бағалы қағаздармен РЕПО операциялары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыс
	7310 10	Орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша шығыс
	7310 25	Сыйақы төлеуге байланысты басқа да шығыс
	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыс
	7440 02	Орналастырылған салымдар бойынша резервтерді (

		провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс
	7440 61	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (провизияларды) құру бойынша шығыс
	7440 62	Сыртқы басқарудағы активтер бойынша шығыс
	7470 01	Аффинирленген бағалы металдардың баланстық құны
	7470 03	Өзгерістері пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен шығыс
	7470 07	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан шығыс
	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан шығыс
	7470 27	Басқа да комиссиялық шығыс
	7470 81	Қор биржасының қызметтері үшін комиссиялық шығыс
	7470 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша комиссиялық шығыс
	7480 09	Фьючерс мәмілелері бойынша шығыс
	7480 10	Форвард мәмілелері бойынша шығыс
	7480 11	Опцион мәмілелері бойынша шығыс
	7480 13	Своп мәмілелері бойынша шығыс. ";

мынадай мазмұндағы 93-1-тармақпен толықтырылсын:

"93-1. Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша кірісті бөлу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	6240 63	Номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша кіріс
Кт	5610	Есепті жылғы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)."

6. "Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы №

270 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7978 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бухгалтерлік есеп туралы заң) 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда қаржы ұйымдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – ұйымдар) бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру тәртібі айқындалады."

7. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 52-3-бабына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 12) тармақшасына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және онда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары) бухгалтерлік есепті жүргізуін нақтылайды."

;

119-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) төлеуге жататын ақшаның туындаған сақтандыру шығыны бойынша қалыптасқан міндеттеме сомасынан асып кеткен сомасына

Дт	3390 17	Туындаған шығын бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағыны бойынша міндеттемелер
	7470 41	Төлем бойынша сақтандыру шығысы
	7470 42	Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыс
Кт	3390 43	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу
	3390 44	Сақтанушылармен есеп айырысу;

және бір мезгілде:

--	--	--

Дт	7470 41	Төлем бойынша сақтандыру шығысы
	7470 42	Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыс
Кт	7470 40	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыс;"

126 және 127-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"126. Қайта сақтандыру активін қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1280 61	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі
	2060 03	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі
Кт	6280 56	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін қалыптастырудан кіріс.

127. Қайта сақтандыру активін қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша азайтудан шығысты тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7470 33	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту бойынша шығыс
Кт	1280 61	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі
	2060 03	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі.";

128-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қайта сақтандыру ұйымына қойылатын талаптар сомасына:

Дт	1280 46	Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар
Кт	1280 58	Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау
	2060 01	Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау
	1280 61	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі

	2060 03	Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі;"
--	---------	---

143 және 144-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

